ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 6 қараша Іс №7119-23-00-2/12320 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья Қ.Б.Сәрсекеев, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
"Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Акниет» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану мен тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қою арызы қанағаттандырылсын.

«Акниет» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Акниет» жеке кәсіпкерінен мемлекеттің пайдасына тұрақсыздық айыбы 16 684 (он алты мың алты жүз сексен төрт) теңге және мемлекеттік баж соммасы 2 225 (екі мың екі жүз жиырма бес) теңге 5 тиын өндірілсін.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана

Құжатқа қол қойылған: Сәрсекеев К. Б., 06.11.2023
Заңды күшіне енген күні: 14.12.2023, судья Сәрсекеев К. Б., 28.12.2023
7119-23-3-1/12383

қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья Қ.Б.Сәрсекеев

Құжатқа қол қойылған: Сәрсекеев К. Б., 06.11.2023

Заңды күшіне енген күні: 14.12.2023, Судья Сәрсекеев К. Б., 28.12.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
Судопроизводство
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»